

Өндірістік кеңестің

№1 хаттамасы

Күн тәртібі:

26.08.2022ж

Қатысқандар: 7

1. Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру
2. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру балалар өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау өткізу
3. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жұмысын жүргізу, балалар тізімін анықтау

1.Тыңдалды: балабақша меңгерушісі А.Абилдаева бірінші сұрақ бойынша сөз алды. Біздің мекеме жекеменшік мекеме болып табылады. Балабақшада мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу тәрбие жұмыстары ұйымдастырылады. Оны ұйымдастыратын жағдай жасайтын осы ұжымның барлық қызметкерлерінің атқаратын өз міндеттері бар. Әрбіріңіз өз лауазымды міндет бойынша міндеттеріңізбен танысып оны орындаймын деп растау үшін өз қолдарыңызды қойыңыздар. Қол қойған уақыттан бастап ең әуелі бала қауіпсіздігі мен денсаулығына жауап береміз. Және де ішкі еңбек тәртіп ережесін қатаң түрде сақтауымыз керек. Ұжымда сіздерден жауапкершілікті, ұйымшылдықты, еңбекқорлықты, бірлік пен ынтымақтастықты көрем деп сенемін. Және сондай болуын талап етемін. Келешек ұрпақ тәрбиесінде аянбай еңбек етіп, ата-аналардың үмітін ақтап, тәжірибемізді, кәсіби шеберлікті арттырайық. Үнемі ізденіс үстінде жүруіміз шарт және де балабақшада жалпы және жеке бас тазалығын сақтап қызметке лайықты формада жүру керектігін ескертемін.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөзге шығып өз сөзін жалғастырды: Мен өз сөзімде айтып өткендей біздің мақсатымыз балаларға оқу тәрбие жұмысымен қатар өз өмірлеріне қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыруымыз қажет. Және де біз оған жауаптымыз. Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтауыңызды ескертемін.

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы

26.12.2022ж

Қатысқандар:8

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жылу мәселесі
3. Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесін сақтау
4. Қысқы маусымдағы қар, мұздан балаларды сақтау.

1.Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: А.Абилдаева балабақша меңгерушісі топтарда бала саны анықталып, топталды. Жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген, оқу тәрбие ісі жүргізілуде. Стандарт талаптыраана сай жабдықталған. Әр топта қажетті ата-аналар, табиғат, еңбек, денсаулық, кітап, кезекші бұрыштары безендірілген, оқу ісіне қажетті көрнекіліктер, суреттер, альбомдар, үлестірмелі, дидактикалық материалдар жинақталған. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, тіл мерекесі, күз мерекесі аталып өткізілді. Әрбір қызметкер балалар өмірінің қауіпсіздігін ескере отырып, іс-шараларға ұйымдастыруда. Үнемі бала өміріне жауапты екенімізді естен шығармайық деді.

2.Тыңдалды:Жылу мәселесі

Сөйледі: А.Садманова – балабақша медбикесі -күннің суытуына байланысты жылу жұмыстары іске қосылды. Қазандықтар жақсы жұмыс істеп тұр. Жылу жүйесі үнемі қадағалануда. Бөлме жылулық температурасы +21⁰С да сақталуда. Терезелер мен еденнің ақаулары жөнделді. Жылу жүйесі бір қалыпты жұмыс істеуде. Балалардың қауіпсіздігі ескерілген

3.Тыңдалды: Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесін сақтау

Сөйледі: А.Абилдаева жаңа жылдық мерекеге арналған «Жасыл шырша»мерекесін тойлауға әзірленудеміз. Безендіру мен өткізу жұмыстары жоспарлануда. Мереке қызықты өту үшін әрине әдемі түрлі түсті ойыншықтар, шырақтар, отшашулар мен музыкалық тосын сәттер ұйымдастыруда қауіпсіздік ережесін сақтап, абай болуларыңызды тапсырамын. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін, ережені қатаң сақтаңыздар. Бір сәттілік отшашу, үлкен қайғы әкелмеуіне кім кепіл, оған жол бермей, алдын алу жұмыстары жүргізілсін деп сөзін аяқтады.

4.Тыңдалды: Қысқы маусымдағы қар, мұздан балаларды сақтау.

Сөйледі: А.Абилдаева сонымен бірге қысқы ауа райы, ақ қар, көк мұздан сақтану жұмыстары жүргізілсін. Бақшаға кіру жолдары, баспалдақтың қар, мұзын ерте келіп тазалау қажет. Таңертең ата-аналар балаларымен бірге тайып жығылмау үшін, кілемшелер төселіп, сақтандыружұмыстарынжүргізуді тапсырамын.

Шешім:

1. «Жасыл шырша мерекесінде қауіпсіздік ережесі сақталсын. Жауапты: Тәрбиешілер, медбике А.Садманова
2. Аула қар, мұздан күнделікті тазалансын. Жауапты: шаруа менгерушісі, медбике

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

**Өндірістік кеңестің
№3 хаттамасы**

14.03.2023ж

Қатысқандар:12

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балаларды еңбекке баулу жұмыстарын жоспарлау
3. «Әже ертегі айтып берші» Халықтық педагогикаға тәрбиелеу. Ата-аналарға арналған жылжымалы папка шығару.

1.Тыңдалды:

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Педагог азаматтарымыз бір ұлттың келешегін тәрбиелеп отырғанын естен шығармауға тиісті. Сол білімнің алғашқы дәндері, сатысы балабақшада қалыптастатынын білеміз. Жақсы дағдыларды, мінез-құлық, таным, ақыл-ой өрісінің дамуы, әлеуметке енуі, үлкендермен қарым-қатынас, құрдастарымен араласып, ойын бөлісуі, ережеге, тәртіпке бағынуы, тазалыққа бейімделуі, қимыл іс-әрекетінің дамуы барлығы сіздердің қадағалауларыңызбен оқу-тәрбие үдерісі кезінде іске асырылады.

2.Тыңдалды:Балаларды еңбекке баулу жұмыстарын жоспарлау

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева оқу-тәрбие үдерісінің балалардың өмірін ұйымдастыру кезінде серуенде балалармен тыстағы еңбек жоспарланады. Балаларды балабақшаның тазалығына көңілін бөліп, үлкендер жұмысына мән беріп, сыйлауға үйретудеміз. Ауланы көгалдандыру қажеттігін, гүлдер егіліп күтіп-баптауға, дала құстарына ұя жасап, жем беру, қояндар, құстар, балықтар мен үй құстарына жем – шөп беріп күтіп баптауға, еңбек етуге үйретуіміз қажет.

Сонымен бірге топтағы заттарды орындарына қою, кітаптарды реттеу, кезекшілік ету, табиғат бұрышындағы гүлдерді күтіп баптауға, гүл етуге, жапырағының шаңын сүрту, түбін қопсыту, су құю, сияқты жұмыстарды атқаруға үйретеміз. Балалар еңбек ете отырып өзіне-өзі қызмет етуді үйренеді, тазалық пен тәртіпке, ұқыптылыққа үйренеді. Әр бала өз жас ерекшелігіне сай өзіне-өзі қызмет етуге үйренгені жөн. Және ондайға үйретуде ата-ананың да қызметі зор, үйде де тапсырмалар орындап үйренуі қажет. Жүйелі, тиімді жоспарлап балаларды еңбекке баулиық, ұқыптылыққа тәрбиелейік деп сөзін аяқтады.

3.Тыңдалды:«Әже ертегі айтып берші» Халықтық педагогикаға тәрбиелеу. Ата-аналарға арналған жылжымалы папка шығару.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.

2. Балалардың өмірін ұйымдастыруда еңбек жүйелі жоспарланып, жүргізілсін.
3. Ата аналарға арналған жылжымалы папкалар ата аналарға ұсынылсын.

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

**Өндірістік кеңестің
№4 хаттамасы**

29.05.2023ж

Қатысқандар:8

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру балалардың денсаулығын нығайтуға арналған іс-шараларды бекіту
3. Іш ауруының алын алу. медициналық кеңестер
4. Жазғы жөндеу жұмыстары туралы

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі балабақша меңгерушісі А.Абилдаева - әр топта халықтық педагогикаға арналған жылжымалы папкалар жасалып, ата-аналарға ұсыныс, кеңестер берілді. Балаларға арналған санамақтар, жаңылтпаштар, аңыз әңгімелер, ертегілер мазмұны берілген жылжымалы папкалардың көмегі тиді. Олар өздері білетін түрлерін де үйде естеріне түсіріп, балаларға айтып берген. Ата-аналар күнделікті күйбең тірлікпен айналысып, балалар тәрбиесіне уақыт таба бермейді. Педагогикалық білім мен психологиялық қолдау көрсету біздің міндетіміз. Сонымен бірге кейбір ата-аналар балалардың өзі атқаратын нәрселерін де өздері жасауға әрекеттенеді. Өзіне-өзі қызмет етуге, тапсырма беруді ұмытады, тиянақтамайды. Ал, кейбір балалар тапсырманы тез уақытта орындайды. Кезекшілік атқарады, топтағы ойыншықтарды жуып, реттейді, табиғат бұрышындағы жануарлар мен құстарға жем береді, қамқорлық етеді, Сонымен бірге еңбек сыртта да жоспарланып өткізіледі. Аула тазалығы, гүлдерді суғару, арам шөптерін жұлу, аула сыпырушыға көмектесу жұмыстары жүргізілуде.

2.Тыңдалды: Жазғы сауықтыру балалардың денсаулығын нығайтуға арналған іс-шараларды бекіту

Сөйледі: А.Абилдаева балабақша меңгерушісі міне, жаз да келіп жетті. Жыл бойғы тапсырмалардан, сабақтан балаларды кішкене босатып, жазға арналған сауықтыру шаралары мен қызықты, көңілді іс-шаралар жоспарланды. Жоспарлармен таныстым. Ойындарға көбірек көңіл бөліңіздер. Ойын түрлері түрленіп, отырсын. Дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, қимылды ойындар, сөздік ойындар, табиғи материалдармен, спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, ұлттық ойындар, сахналау, қуыршақ театры, серуендер түгел қамтылуын тапсырамын. Ұйымдастыру кезінде ең бірінші балалар мен денсаулықтарыңыздың қауіпсіздігін, қолайлы, ыңғайлы болуын ескеріңіздер. Сауықтырулар шараларына үнемі медбикенің қатысуымен өткізуді тапсырамын деді.

3.Тыңдалды: Медициналық кеңестер Сөйледі: А.Садманова балабақша медбикесі балабақша қызметкерлеріне арналған кеңестер берді. Балалардың режимдік процестерге көзқарастарының дұрыс

